



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

### 2019 жылғы 11 – 18 қазан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2019 жылғы 21 қазан

21 қазандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,1%-ға әлсіреп (389,52-ден), бір АҚШ доллары үшін 389,98 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 11 – 18 қазан аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. Еуроодақ пен Ұлыбритания Брекзит бойынша келісімдерге қол жеткізді, енді оны дауыс беру арқылы Британия парламенті мақұлдауға тиіс. АҚШ-та бөлшек сауда бойынша жағымсыз деректер шықты – қыркүйекте 0,3%-ға а/а қысқару (алғашқы 7 айда), өнеркәсіп өндірісінің көрсеткіші де қыркүйекте -0,4% а/а теріс аймақта. ХВҚ әлемдік экономиканың өсу қарқындары бойынша болжамдарын 2019 жылы 3%-ға дейін 0,2%-ға төмендетті. Қытай экономикасы 2019 жылғы 3-тоқсанда өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 6%-ға дейін баяулады, бұл талдаушылардың болжамынан төмен.



Аталған факторлар дамыған елдер валютасымен салыстырғанда АҚШ доллары бағамының әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюталарының<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:



- **түрік лирасы** АҚШ пен Түркия арасындағы табысты келіссөздер аясында 1,5%-ға (5,88-ден 5,79-ға дейін) нығайды, келіссөздердің қорытындысы бойынша Түркия Сириядағы әскери іс-қимылдарын уақытша тоқтатты, бұл ретте АҚШ қару қолдану мүлдем тоқтатылған жағдайда экономикалық санкцияларды алып тастауға уәде берді;
- **Мексика песосы** АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда келісімі бойынша, сондай-ақ Брекзит мәмілесі бойынша оптимизмге байланысты инвесторлардың жаһандық тәуекел-қажеттілігінің жақсаруы аясында 1,1%-ға (19,32-ден 19,1-ге дейін) нығайды. Мексика ОБ шешімі хаттамасының жарияланымы директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігінің мөлшерлемені төмендеу бойынша күтулерді төмендетіп, базалық инфляция көрсеткіштерінің жоғары болуына қатысты алаңдаушылық білдіретінін көрсетті;
- **Ресей рублі** 0,8%-ға (64,19-дан 63,67-ге дейін) нығайды. Салық төлемдері кезеңінің жақындауы, бейрезиденттердің ФҚО орналастыруға деген сұранысы рубльге қолдау көрсетті. Сонымен бірге РФ ОБ басшысы негізгі мөлшерлеменің одан әрі төмендеуі мүмкін екендігін хабарлады;

<sup>1</sup>АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **Бразилия реалы** 4,11-ді құрап, іс жүзінде өзгерген жоқ;
- **Оңтүстік Африка ранды** 0,1%-ға (14,78-ден 14,79-ға дейін) әлсіреді. Eskom мемлекеттік энергетикалық компаниясы қуатының жетпеуіне байланысты 6 айда алғаш рет жалпы халықтың электрден ажыратылатындығын мәлімдеді;
- **Индонезия рупиясы** елден экспорттың қысқаруына (-\$160,5 млн.) байланысты сауда тапшылығы туралы статистиканың жариялануы аясында 0,1%-ға (14 138-ден 14 148-ге дейін) әлсіреді;
- **үнді рупиясы** АҚШ Өкілдер палатасының Гонконг бойынша ереуілдеушілерге қолдау көрсетуге бағытталған қарарларды қабылдауына байланысты ҚХР-дың жауап қату шараларын қабылдауға дайын екендігі туралы мәлімдемелерінің аясында 0,2%-ға (71,02-ден 71,15-ке дейін) әлсіреді.



**Дамушы елдер валюталарының серпіні (2019 жылғы 4 қазан=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)